

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті



125

Жүсіпбек Аймауытовтың

125 жылдығына арналған
“Алаш мұраты және
Жүсіпбек Аймауытов мұрасы”
атты ғылыми-тәжірибелік
конференция

ЖИНАҚ

Астана 2014

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жалпы редакциясын басқарған:

С.А.Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі

Ғылыми редактор:

Р.С.Тұрысбек, профессор

Жауапты шығарушы:

Ж. Мәмбетов, доцент

Редакцияның алқа мүшелері:

С.Қирабаев

С.Қасқабасов (төраға)

Д.Қамзабекұлы

Р.Тұрысбек (төраға орынбасары)

А.Әлтайұлы

Ж.Мәмбетов

С.Оспанов

Бұл жинаққа – Алаш ардағы, көрнекті қайраткер, қазақ әдебиетінің классигі Жүсіпбек Аймауытұлының туылғанына 125 жыл толуына арналған «Алаш мұраты және Жүсіпбек Аймауытұлы мұрасы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді.

Жинақтың тұтас мазмұнынан көрнекті қайраткер-қаламгер Ж.Аймауытұлының кезеңі мен қоғамдық қызметі, өмірі мен шығармашылық мұрасы, ұлттық әдебиеттің дәстүрлі жанрларына қосқан сүбелі үлесі кең көлемде көрініс тауып, зерттеп-зерделеу жайына жан-жақты орын беріледі.

Жинақ әдебиеттанушылар мен тіл білімінің мамандарына, әлеуметтанушылар мен тарихшыларға, журналистер мен философтарға, докторанттар мен магистранттарға және қалың көпшілікке арналған.

Әдебиеттер:

1. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.
2. Тұрысбек Р. Ұлттық проза және «Ақбілек» әлемі // Ақиқат. – 2010. – № 12. – 58-69 бб.
3. Мұратбеков С. Қазақ романы және «Ақбілек» // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 28-мамыр.
4. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007, Т. 4. – 424 б.

Алмасбек Әбсадықов,
ф.ғ.д., профессор

АЛАШ ҒӘМ ФОЛЬКЛОР

XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласы үлкен өзгерістерді бастан кешірді. Ресейдің отарлау саясатының екпіні арқылы ентелей енген капиталистік қарым-қатынас қоғамның саяси жүйесіне, экономикалық қарым-қатысына, әлеуметтік құрылымына жаңа тірлік нышанын енгізді. Көшпелі тіршілік тұрмысын күнкөрісіне жалдап отырған қазақ ұлтына жаңа дәуір соны талаптарды – өзгеріп жатқан өмірге лайық істер атқару, тұрмыс тіршілігінде, өнерде өзге жұртпен бәсекеге түсу, демократиялық ой-пікірді байыту, дамыту және оны өзгеше өрнекпен өру, ұлттық мәдениетке жаңа сарын қосу т.б. ала келді. Сол тұста өмір кешкен қазақ зиялыларының үркердей аз тобы – Алаш зиялылары бұл өзгерістерді дәл аңғара білді. Олар аңдысын аңдыған аяр саясаттың түпкі мақсатын да болжай білгендіктен дабыл қағып, қалың жұртты елдік істерді жұмыла атқаруға үндеді. Жалаң үн қатып қана қоймай, нақты істер атқаруға күш салды. Туған жұртының бағыт-бағдарын бір арнаға бұру үшін ұлттық баспасөзді ұйымдастырды, көркем әдеби шығармаларды насихаттап, оқу ісін жандандырды.

«Қазақтың кемтігі, керегі көп. Кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз, тіпті жоқ. Бұрын бізге ғылым да, өнер де қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар керегіміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік. Заманында сол қалпында болса, қазаққа ғылым, өнер керек болмас еді. Адам ғылым, өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Өзгелерден кем болмай, тең боламын деген жұрт қатарынан қалмасқа тырысады. Тең болғанда адам болсын, жұрт болсын білімімен, өнерімен тең болады. Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы» [1, 31], – деп дабыл қаққан қазақ оқығандары оқу-білім, өнердің күшімен, оның амал-әдістермен отаршылдық

саясат тудырып отырған тегеуірінді күшке қарсы күресуге бел буады. Бейбіт күрестің бір түрі ретінде олар қазақтың сөз өнерін, яғни әдебиетін жандандыру деп білді. «Халықтың ойлаған ойын, пікірін білдіретін, мұңын, мұқтажын көрсететін әдебиет. Бұл – жұрттың айнасы. Халықтың түрі, қалпы, салты – бәрі сонда көрініп тұрады» [1, 154], – деп түйген Алаш зиялылары ұлттың жаны-әдебиетті тану халықтану, ал халықтану ұлт ісінің бір бөлігі деп ұғынды.

Алаш зиялылары фольклорды әдебиеттің ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырды. Бұл сол кездегі ілім-білімнің даму деңгейіне сай таным болатын. Бұған қоса қазақ оқығандары құрған «Алаш» атты саяси партия мен автономия атауы ел ішіне кең тараған Алаш ұранының мазмұндық астарынан алынды. Осылайша халық рухына, оның ұлттық мұрасына ерекше қамқорлық танытқан алаштықтар фольклортануды негізінен мынадай бағыт-бағдарда жүргізді:

1. Фольклордың жекелеген жанрлары туралы сипаттама беру;
2. Қазақ фольклорын жинаушы көрнекті фольклористер туралы мақалалар, өмірбаяндық деректер жариялады, оларды халықпен таныстыру;
3. Баспа бетінен жарияланған жинақтарға пікір айтып, насихаттау;
4. Халық мұрасын баспа бетінен (газет, журнал, жеке кітап) қазақ емлесімен көркем түрде жариялауға үлес қосу;
5. Халық ауыз әдебиетіне арнайы оқулықтар дайындау.

Халық мұрасын жинау, өңдеу, фольклор жанры туралы ғылыми талдаулар жасауда Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан үлгілі, тағылымды өнеге көрсете білді. Бұл орайда, біз қазақ оқығандарының арасында Ш.Уәлихановтан кейін халық ауыз әдебиеті туралы терең ғылыми талдау жасау үрдісі Алаш көсемінің сындарлы еңбектері арқылы жалғасын тапқанын айта кеткіміз келеді.

Ә.Бөкейхан 1899 жылы «Туркестанские ведомости» («Түркістан уалаяты») газетінің бірнеше номерінде «Қобыланды батыр жырындағы әйелдер бейнесі» деген атпен көлемді ғылыми мақаласы жариялайды. Мақалада ол қазақ халық ауыз әдебиетінің мол мұрасы сан алуан мазмұнда сақталғанымен, оның әлі де толық жиналмай жатқанын, сол мұраны жеткізуші жыршылар мен өлеңші, ақындар екенін айта келе, халық мұрасында қазақтың ұлттық Алаш рухы, көне тіршілік іздері, өмірі, әдет-ғұрпы таза күйінде сақталғанына баса назар аударады: «Обширная просторством и страшная своей бедной непривлекательностью и почти полной недоступностью для привычных к ней незнакомцев, киргизская степь помогла своим сынам долгое время сохранять в неприкосновенности и первоначальной чистоте национальный характер и обособленный народный блик. Огражденные матерью-степью от постароннего влияния, киргизы сохранили обычай, привычки и своеобразный образ жизни (номада). ... Эта – то своеобразная и интересная жизнь киргизов отразилась, как в зеркале, в их разнообразной и богатой устной поэзии. Многие из этих произведений носят на себе следы глубокой древности и печать отдаленного прошлого жизни, быта и верований киргизов» [2, 319].

Зерттеуші «Қобланды батыр» жырының тарихи негіздерін талдай келе, жырдың эпикалық сипат алу кезеңін қазақтың ұзақ жылдар қалмақпен соғысқан тұсында болған деп тұжырымдайды. Қазақ халқының шамандық наным-

сенімнен мұсылмандық діни түсінікке ауысу эволюциясын Кұртқа мен оның шешесі Көктен кемпір бейнелері арқылы анықтауға ұмтылады: «Представительницей язычества является мать героини Куртки Коктен кемпир – какое-то мифическое существо. Лично не играя никакой роли, она лишь только выпускает на арену деятельности при новых условиях жизни свою преобразованную исламом дочь, а сама уже не вмешивается ни в жизнь дочери. Куртка же, как представительница и наследница язычества, активно не руководит народом, а лишь удерживает его от идущих к бедствиям поступков Кобланды. В бытине ярко обрисована глубокая симпатия народа к своим старым верованиям, поневоле уступающим место и значение новым мусульманским» [2, 319].

Ә.Бөкейхан Қобыландының шешесі Аналық образында халықтың анаға деген құрметі мен ізет-ілтипатынан жинақталған жиынтық бейне екендігін және оған «Аналық» деген есімнің ойдан қойылғанын білгірлікпен тани біледі. Жырда мазмұнындағы Қобландының дүниеге келіп, өсуі үлкен шабытпен жырланса, қарындасы Қарлығаштың дүниеге келуі, өсуі жыршының аузында елеусіз жырлануын қазақтың «ұл бала – ру жалғасы» деген патриархалды-рулық түсінігінен қалыптасқан деп тұжырымдайды.

Алаш көсемі қазақ қамы үшін қызмет еткен тұлғаларды елге таныстыру, оның атқарған істерін үлгі ету, ұлықтау сынды бастамаларға басшы бола білді. Бұл тұрғыда ол қазақ фольклорын зерттеуге және жинауға атсалысқан ірі тұлғаның бірі, Ш.Уәлихановтың досы Г.Н.Потанинді (1837-1918) қазақ жұртымен таныстыру мақсатында «Қазақ» газетінің бетінде арнайы мақала жариялайды. Мақаланы Г.Н.Потаниннің қазақ арасына шығып «ертегі, жұмбақ, мақал, ескі жақсыларының сөзін» жимақшы болып отырған жоспарынан хабар беруден бастаған автор ірі тұлғаның фольклоршылық қызметінің қазақ халқы үшін қандай мән-мағынасы мен маңызы болғандығын баяндайды. «Потанин, – деп жазады Ә.Бөкейхан, – дүниедегі тілдердің бәрінде айтылған неше жұрттың іргелі мақал, өзге сөздерін қарастырып, сонан қай жұрт қай жұрттан өнеге алғанын шығарып отыр. Неше жүз пұт құмды жуса бір аз мысқал алтын шығады. Потанин көп ертегіні ақылдың елегіне салып елеп, ішіндегі аз алтынын тауып береді. Мысалы: қазақтың «тәңірі» деген сөзі. Моңғол тілінде – аспан, көк – қытай мағынасында. Қазаққа бұл «тәңірі» деген сөз монғолдан қалған бұрынғы уақытта. Қазақ мұсылман болмай тұрып монғолмен «дін» дос еді» [3, 274], – деп, фольклоршының монғолдар арасынан жазып алған Шыңғыс хан туралы эпсананың қазақ арасында айтылатын ертегіге жақындығы тілге тиек етіледі. Сонымен қатар оқымыстының өмірбаяны, Шоқанмен дос болғандығы баяндалады. Мақаланың соңы Потанинді не себептен құрметтейтінін білдіретін мынадай бір ауыз сөйлеммен аяқталады: «Қазақты туғанындай жақсы көреді. Бишарасың деп қазаққа қорған болады. Өз құмырында қылған жұмысы, жүріп тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей» [3, 257].

Ә.Бөкейханның Г. Потанин туралы мақаласы фольклоршының көзі тірісінде жарияланады және зерттеуші осы пікірімен ғана шектеліп қалмайды.

Г. Потанин дүниеден озып, марқұм болғаннан кейін де Ә.Бөкейхан ол туралы пікірін жалғастырады. Жалғасын тапқан құрмет пен ілтипатқа толы пікір 1923 жылы А.Байтұрсынұлы бастырған «Ер Сайын» жырының алғы сөзінде айтылады. Мұнда ол Г. Потаниннің өмірбаянына, саяси қызметіне кең шолу жасап, толымды баға береді, оның адамгершілік мінездерінен өзі көрген оқиғаларды еске алады, Шоқанның еңбегін баспа бетінен жариялау үшін 40 жыл қалмай жүріп ізденгенін, Ш.Уәлихановтың 1904 жылы Н. Веселовскийдің редакторлығымен басылып шыққан тұңғыш шығармалар жинағын мегзеп тұр – А.Ә), «күншығыс елін білем деп талпынған жастар Потанин жазғанын» [3, 278] оқу керектігін ескертеді. Алаш азаматтарының Г.Потанинді «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Россияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек» [3, 276] – деген саяси көзқарасы, жақтас пікірі үшін жақын тартатынын, құрметтейтінін жазады.

Ә.Бөкейхан халық ауыз әдебиеті туындыларының баспа бетінен жариялануына нағыз жанашыр бола білді. Оның өз қаламынан немесе өзгелердің жинаған ауыз әдебиеті нұсқаларын қазақ емлесіне, баспа талабына сай өңдеп, ғылыми түсініктерін жазып бастырған бірнеше еңбектері жарияланады. Олар: атақты түрколог В.В.Радловтан алынған «Ер Тарғын», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» Жырларының үлгісі, А.Байтұрсынұлымен бірігіп Москвадан шығарған «Жиырма үш жоқтау», «Ер Сайын».

Қазақтың рухани қазынасында өзіндік орны бар бұл мұраларға жазған ғылыми түсініктемелерінен Ә.Бөкейханның әдеби-эстетикалық талғамы биік, әлем әдебиетінен мол білімі бар, пайымы терең, қазақ тарихының қойнауына еркін бойлай алатын білгір, ойшыл тұлға болғандығы айқын аңғарылады. Оның қазақ тарихына қатысты білгір-білімпаздығы «Қобланды батыр», «Ер Тарғын батыр» жырларына жазған алғы сөздерінде және «Жиырма үш жоқтау» жинағындағы Кеңгірбай, Қаздауысты Қазыбек, Ормамбет секілді тарихи тұлғаларға берген түсініктемелерінде ерекше байқалады.

Ә.Бөкейхан қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жан-жаққа тарап кеткен бүкіл түрік жұртының рухани дүниесінде орны бөлек қазына екендігін баса айтады. Баспа бетінен өңделіп, шығарылып отырған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының маңызы туралы ол кітаптың беташар сөзінде: «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» жайылмаған жері жоқ десе болады. Қозы Көрпеш – Баян сұлу Ертіс Тобыл татарларында, Күншығыс Түркістаны тараншыда, шешенде, осетинде бар. Қозы Көрпеш – Баян сұлу біздің түрік баласының сүйген ертегісі. Норманға Фауст қандай болса, түрік баласына Қозы Көрпеш – Баян сұлу сондай. Қозы Көрпеш – Баян көп мағыналы, түрік жұртын сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы» [2, 339], – деп тебіренеді және қазақты сол түркінің орнында қалған, тарихы терең жұрт деп таниды.

Ә.Бөкейхан салған жолдан үлгі алып, қазақ фольклорын жинау және зерттеу жұмыстарына үлкен үлес қосқан тұлғалардың бірі – Міржақып Дулатұлы. М. Дулатұлы өзге Алаш зиялылары секілді фольклорды әдебиеттің бастау бұлағы, қайнар көзі деп біледі. Бұл тұрғыда ол: «Тарихи әдебиеті жоқ

(фольклорлық мұралары жиналмаған халықтың деп ұғыныңыз – А.Ә) халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасалмақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас тартыс, тар заманда орын жоқ» [1, 250], – деп өз замандастары сияқты салмақты ой айтады.

М.Дулатовтың қаламынан қазақтың тарихына қатысты «Қазақ-қырғыздың ата тегі», «Хан Абылай» сынды тарихи аңыз үлгілері «Қазақ» газетінің бетінен жарық көреді. Мұнда қазақтың ата-тегінен ауызша жеткен мәліметтер, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген атақты хан Абылай туралы ел арасында сақталған деректер, билеушінің халық танымындағы бейнесі беріледі.

М. Дулатұлы – қазақ руханиятына Әлихан Бөкейхан салған өнегені – елге еңбегі сіңген кісіні ұлтына, нәсіліне, дініне қарамай ардақ тұту, құрметтеу ісін жігерлі жастық жалынымен жалғастырған тұлға. Оның Ш.Уәлихановқа, Г.Потанинге байланысты жазған мақалаларынан Әлихан Бөкейханның өнегесі ізгі әсерін тигізгендігін анық аңғаруға болады. Айталық, Шоқан туралы мақала жазуды ол Ә. Бөкейханның Г.Потанин туралы мақаласы шыққаннан кейін қолға алады. Бұл туралы ол: «Былтыр 23 майда шыққан «Қазақтың» 15-нөмірінде Григорий Николаевич Потанин жайынан «Қыр баласы» хатының аяғында: «Потанин оқуды Омбы корпусында Шоқан Уәлиханмен бірге оқыған... Орысша оқыған қазақтың ең естісі, артына кітап қалдырғаны осы Шоқан», – деп еді. Сол есті Шоқанды хәм оның шығарған кітабын жалпы қазақ түгіл, оқығандар арасында білушілер өте сирек болса керек. Соның үшін «Қазақ» арқылы жұртты Шоқанның өзі хәм кітабымен таныстырғым келеді» [1, 105], – деп жазады. Сондай-ақ оның Г.Потанин туралы жазуға, онымен таныс болуға ынтасын оятуға «Қазақ» газетінің бетінен жарық көрген мақалалар әсер еткенін аңғарамыз. «Бұрын Потанинның кім екенін білмейтін едім. Омбыдағы жағрафия жамиғатына келіп, ертегі жинауға Тоқырауынға кеткенінін артынан хәм «Қазақ» газетасында ол туралы жазылған мақалаларды (Ә.Бөкейханның мақаласы да бар – А.Ә) көргеннен кейін, мен оны көруге құмар болдым» [1, 228], – дейді М.Дулатұлы.

Автор Шоқанның досы, «қазақтың қорғаны» (Бөкейхан) Г.Н.Потанин туралы 80 жасқа толуына орай арнайы екі мақала және арнау өлең жазады. М. Дулатұлы өз мақалаларында Потаниннің ғылым жолындағы шығармашылығына сипаттама береді. Оны халық ауыз әдебиетін жинау және зерттеу ісінде қазақ халқына сіңірген еңбегі мен халық мүддесі жолындағы саяси қызметі үшін мақтан етеді. «Григорий Николаевичтың халық әдебиетіне еткен қызметі зор. ...Ол Сібірдің әлеумет басшысы, ақ жүрек азаматы, білгір саясатшысы» [1, 229] ...Потаниннің қазақ халқына қылған қызметі аз емес. Қызметіне қарай құрмет көрсету біздің борышымыз». [«Қазақ» газеті, 230], – деп ілтипат көрсетіп, азаматтық парызын білдіреді. Ол Г.Потанинді қазақ тарихы мен фольклорының білгірі ретінде өзіне ұстаз тұтып, өзінің жиған-тергендерін көрсетіп, ақылдасып отырған.

Алаш қайраткерлерінің ардақ тұтқан тұлғаларының бірі Шоқан Уәлиханов болаты. Бұл орыда біз М. Дулатұлын қазақ фольклорын ғылыми тұрғыдан тұңғыш зерттеуші атақты ғалым Шоқан Уәлихановтың қызметін туған халқына таныстыру, насихаттау ісіне елеулі үлес қосқан Алаш қайраткері ретінде ерекше бағлауымызға болады. Ол «орысша оқыған қазақтың ең естісі, артына кітап қалдырған» (Бөкейхан) Шоқан шығармашылығымен халықты таныстыру мақсатының сырын «Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарынбайдай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмытқыш келеді» [1, 106], – деп, қазақ бейғамдығын орайлы жерде бір «шаншып» алып, халықтың рухани қазынасын жинауға және зерттеуге көп үлес қосқан Шоқанның өмірбаянынан, білім алған ортасынан, жасаған атақты Қашқарияға сапарынан, орыс оқымыстыларының Шоқанға берген пікірлерінен, талантты ғалымнан қалған мұралардан хабар береді, мінезін, талантын, туған халқына сіңірген еңбегін баяндайды. Шоқанды туған халқын шын сүйген асыл ұлдарының біріне санайды. Оған мысал ретінде жас Шоқанның «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүтін адамзатты жақсы көремін. ... Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жағында» [1, 110] деген сөзін келтіреді. Сонымен қатар мақалада ол Шоқанға қатысты орын алған кейбір қате түсініктерді сынайды. «Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құраушы болмақ еді, бірақ заман хәм тағдыр опа қылмады, Шоқан арманда кетті...» [1, 110], – деп өкінеді зерттеуші.

Халқымыздың тамаша ғалымы Шоқанды ұлттың мақтан ететін тұлғасы ретінде бағалаған Алаш қайраткерлерінің зор құрметі М. Дулатұлының қаламы арқылы туған халқының рухани әлеміне жол тартады.

М. Дулатұлының қаламында ардақталған, қадірленген фольклоршының бірі – Әбубәкір Диваев. Ол Ә. Диваевтің фольклоршы ретінде қазаққа сіңірген қызметінің 25 жыл толуына орай «Қазақ» газетінде «Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев» атты мақала жазады. Мақаланың басты мақсаты еңбегінің басым көпшілігін орыс тілінде жазған Ә. Диваевты қазақ тілді оқырманға таныстыру болғанымен, автор еңбектің негізгі мазмұнында фольклор туралы кеңінен толғанған пікірлерін жазады. М. Дулатов Диваев сынды тұлғаларды не себептен құрмет тұту керектігін оқырмандарына былайша түсіндіреді: «Бір жұрттың қайдан тарауы, өну-өсуі, рәсімі, мінезі, тілі, әдебиеті – осының әрқайсысы тарих мүшелері, барлығын жиғанда – сол жұрттың тарихы. Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт. Басқа жұрттардың алдында біздің мақтанарлық артықшылығымыз бар десек, ол ескілікті халық әдебиетіміздің байлығы. Тақпақсыз бізде сөз сөйленбеген. Өзге қара халықтардай біздің қазақ «Ертеңгі күннің қамы» үшін ер қашты болып қажымай, кең дүниеде қызық дәурен кешіріп, ұлы дүбір, шаршы топта, сөз бәйгесіне қосылып, жүлде алған жұрт. Бірақ заман өтіп, заң өзгерген сайын бұрынғы қымбат ұлт қазынамызды

сақтамасақ, жоғалтамыз. ...Халық ғұмыры ұзын, неше жүз, неше мың жылдар өткенде, кезінде жазылмаған, жиналмаған нәрселер бірте-бірте өзгеріп, тозып, ұмытылып бітуі ықтимал. Сондықтан бұл жолда қызмет жиюшы, сақтаушылардың қадір-құрметі аса жоғары боларға керек. Міне, біздің қазақ жұртына бұл сапта көп еңбек сіңірушілердің бірі – ардақты Әбубәкір мырза Диваев» [1, 239].

«Қиядан шауып, қисынын тауып» толғанған зерттеуші Ә.Диваевтың өмірбаянынан мағлұматтар береді, жиған-терген еңбектерінің ұзын сонар тізбегін жанрларға топтап көрсетеді. Мақаланың соңын: «Енді біздің міндетіміз бұларды жиып, өз тілімізде кітап қылып бастыру, керекті орындарда пайдалану. Бұл күнге шейін өзімізден халық әдебиетін, сөздерін жинаушы жоқ еді, бұл туралы Диваев, Потанин қарттарға мәңгі борыштымыз. Бұлар жанып тұрған шырақ, жолын қуған талапкер жас адаспас» [1, 240], – деп қорытады.

«Қазақ» газетінің бетінде М. Дулатұлымен қатар көрнекті саяси қайраткер М. Шоқай да Диваев шығармашылығына арнаған мақаласын жариялайды. «Біздің қазақ халқын шын көңілімен жақсы көріп, қолынан келген қадірінше қалам өнерімен қызмет қылғандардың алдыңғы қатарында Ә. Диваевтың аты айтылса керек. Әбубәкір мырзаның қолынан шығып тараған сөздер көп. Мысалы, Ерназар Бекет (Бекет батыр), Шора батыр, Алпамыс батыр... Бұлардан басқа неше түрлі өлеңдер, жар-жар, беташар, бала жұбату, құдалық жайы, ертегілер, мақалдар... Тағы тағылар толып жатыр» [1, 240], – деп жазды Мұстафа Шоқай.

М. Дулатұлының «енді біздің міндетіміз бұларды жиып өз тілімізде кітап етіп шығару» деген тілегі Алаш зиялыларының күшімен 1924 жылы жүзеге асады. 1923 жылы Түркістан Республикасы Ташкентте атақты фольклоршының ғылыми-қоғамдық қызметінің 40 жылдығын атап өтеді. Келесі жылы, яғни 1924 жылы Ә. Диваев жинаған ауыз әдебиеті үлгілері жеке жинақ болып басылып шығады. Жинақ атауын қазақ оқығандары тойға тартылған жоралғы есебінде шығарғандықтан «Тарту» деп атайды. «Тарту» жинағына алғы сөзді атақты ақын Мағжан Жұмабаев жазады. Ақындық сезімі мен толғамына Әбубәкір ақсақалдың елге сіңірген еңбегінен түйіндеген ойын түп қазық еткен ол Диваевтің қазақ халқы үшін атқарған қызметіне терең баға береді. Оны елге еңбегі сіңген тұлға деп бағалайды. Бұл ойын ақын былайша өрнектейді: «Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда, қуаныш – қайғысы ортақ болуда» [4, 345].

Ақын Ә. Диваевтің бұл адал қызметін тұмсығымен су тасыған қарлығаш құсқа теңейді: «Қарлығаштың қымбаттығы тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында. Әбубәкір ақсақалдың да қазақ – қырғызға қымбаттығы – өткен еңбегінің ұшан – теңіздігінде емес, адал ойлы қамқор болуында» [4, 346].

Ә. Диваевқа құрмет көрсетіп, оған өзінің фольклор саласындағы зерттеу еңбегін арнаған тұлға – Халел Досмұхамедұлы. Ол өзінің 1928 жылы шыққан «Қазақ халық әдебиеті» атты зерттеу очеркін атақты фольклористке арнайды. Зерттеуде ғалым ауыз әдебиеті түрлерін сала-салаға бөліп жіктейді

(классификациялайды), қазақ халық әдебиетін мазмұнына қарай классификациялау кестесін ұсынып, оның 49 түрін көрсетеді. [5, 34]. Бұл еңбекте халық әдебиетінің жанрлық белгілерін анықтайтын мазмұнымен қатар орыс және еуропа ғалымдары қолданатын фольклортану терминдеріне қазақша баламалар да ұсынылады. Атап айтқанда, предание – аңыздар, легенды – әпсаналар, героические эпосы – батырлық жырлар, исторические песни – тарихи жырлар т.б.

Ғалымға Г.Потанин, В.Радлов, Ә.Диваев, А.Байтұрсынұлы секілді фольклористердің еңбегімен жақсы таныстығы ауыз әдебиеті түрлері мен жанрларын саралауға ғылыми тұрғыда жүйелі жіктеуіне көп көмек болады. Халел Досмұхамедұлы фольклорды тек жалаң сөз өнері деп қана қоймай, оны халықтың тарихы, әдет-ғұрыпы, наным-сенімі, этнографиясымен тығыз байланысты мұра деп тану қажеттің ұсынады. «Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейінгі, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады», – деп жазады ғалым.

Х.Досмұхамедұлы фольклорды халықтың құлқы, мінезі, ойынан хабар-дерек беретін рухани мұра, «халықтың түрлі қимылдарының айнасы» [5, 147] деп бағалады. Халықтың бүгінгі мінез-құлқының тамыры өткен заманмен байланысып жатқанын, ұлт мемлекетін құрып жатқан қазаққа «жаңа әлеуметшілдік тура жолмен жасау үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеумет мінездерін тексеру» [5, 150] керектігін жазады. Ол үшін қазақ фольклорын сүзіп шығуды ұсынады. Халық әдебиетімен таныспайынша, өткеннен қандай бір болмасын қорытынды шығару қиын деп жазады. Ұлт бірлігін «уайым еткен» зиялы ретінде Х.Досмұхамедұлы бірлігі берік емес қазақтың құлқын халық ауыз әдебиетінің мазмұнында «адырайып» көрініп тұрған аламандықтан іздейді. Аламандыққа ол мынадай анықтама береді: «Көптің пайдасын ойлай тұрса да, өзінің мен-мендігін, көп күшін құрбан қыла алмайтын, өз дегенін күшпен орындайтын; өз басын артыққа санап, сөзін сөйлеп соңына ермегендерді, қарсы тұрғандарды түсінбегендігінен, ақылсыздығынан қылды деп білетін, көңіліне жақпаса өзі қойған бастығының бұйрығына, өзі қалаған тәртіптің жолына бас ұрмайтын; Отан сезімі күшті құлықты аламан дейміз» [5, 147]. Бұл тұста ол ХІХ ғасырда өмір сүрген Нұрым, Қалнияз, Жиёмбет ақын-жыраулардың шығармашылығына талдау жасай келе аламандықтың басты себебі ретінде «қазақтың көшпелі салты, рулық қалпы, жөнделмеген мемлекет құрылыс» [5, 150] деп көрсетеді. Аламандықты жою үшін әлеуметшілдікті дамыту керектігін, онсыз ұлт тіршілігі, ұлттық мемлекет құру мүмкін еместігін алға тартады.

Озық білімді дәрігер Х. Досмұхамедұлы – тіл білімі, қазақ тарихы мен фольклоры салаларында терең із қалдырған ғалым. 20-жылдары ғалым өзі жинаған бірнеше жинақтарға алғы сөз бен түсініктерін жазып, баспа бетінен жариялайды. Олар: «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай – Махамбет» (1925), «Аламан» (1926). Мұнымен қатар ол жеке кітап болып басылған «Қыз Жібек» ғашықтық жырына, «Кенесары – Наурызбай» тарихи жырына редакторлық

етеді. Бұқардағы Көгілташ медресесіне, оны салдырушы Жалаңтөс батырға қатысты аңыз-эпсаналарды жариялайды.

Алаш зиялылары халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру ісімен қатар фольклорлық сюжеттер мен образдарды өздерінің шығармашылық ізденістеріне де сәтті пайдалана білді. Халық аузындағы аңыз әңгімелер негізінде атақты ақын М.Жұмабаев «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» тәрізді қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған шығармалар жазды. Сонымен қатар олар тек бірыңғай жинаушылық қызметпен шектеліп қалмай, оны жүйелі арнасы бар құрылымдар арқылы жәрдем етуге ұмтылады. Сөйтіп, олар қолдарынан келгенше, халық мұрасына деген қамқорлықты мемлекеттік дәрежеде көрсетуге көп күштерін салады. 1924 жылы Қазақ Білімпаздарының I съезінде халық ауыз әдебиетін жинау, жариялау істері күн тәртібіне қойылып, оны жүзеге асырудың жоспары мен жобалары бекітіледі. Аталмыш жиында халық ауыз әдебиетін жинау үшін кезек күттірмес мәселелер арнайы қаулымен қабылданады. Қаулыда «аты аталып, түсі түстелген» мәселелер мыналар болды:

1. Ауыз әдебиетін жинау туралы қандай мағлұмат жинаудың керектігін баяндап, қай орыннан жинауды көрсетіп, толық қолтаңба нұсқа шығарылсын;

2. Көрінген кісіге әдебиет жинауды тапсыру дегенді қойып, жинаушыларды академцентр (Академиялық орталық) пысықтап, таңдап, тауып алсын.

3. Жиналған материалдарды тәртіптеуді ысылған қызметкерлерге тапсырып отырсын;

4. Қазақ ағарту комиссариаты барлық оқу жолына ұстайтын ақшадан лайықты ақша бөліп, осы әдебиет қызметі жолына ғана арнап қойсын.

Сиезде Алаштың көрнекті қайраткерлері сөз алып, халық ауыз әдебиеті туралы өз пікірлерін ортаға салады. Алаш зиялылары ауыз әдебиетін халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасының көрінісі деп бағалап, халық шығармашылығын зерттеу ұлтты зерттеу деп ұғынды. Сондықтан оны жинаушыларға қойылар талапты да белгілеуді естен шығармады. Мысалы, аталмыш сиезде төраға еткен Ә.Бөкейхан халық шығармашылығын жинау ісіне үлкен жауаптылықпен қарау керек деген А.Байтұрсынұлы пікірін қуаттап, өзінің ойын былайша түйіндейді: «Қазақ тұрмысынан білім жинағанда үлгіні еуропадан алу керек. Жылқының бәрі бәйге, жүйрік, яки жорға бола бермейді. Бұл ғылымның жолында маман болуға адамға тумыстан берілген табиғаттың сыйы керек. Кім көрінгенге тапсырумен жұмыс болып шықпайды. Мойынына алған жұмысын қызығып, сүйіп істеген адамнан жеміс көп шықпақ» [6, 35].

Түйіндей айтқанда, Алаш зиялыларының қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармашылығына деген көзқарастары, сіңірген еңбектерінің бағыты, нысанасы бір негізде – ағартушылық, үгіт-насихаттық сипатта болды. Мұны олардың еңбек етіп, қызмет жасаған уақыты осыны талап етті. Алаштықтар ел алдындағы парызды абыроймен орындады. Алаш зиялыларының «қаламынан туған өсиеті, үлгісі» (Әуезов) еш кеткен жоқ. «Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұндалып, жетегіне алған» (Әуезов) зиялылардың жаққан отын өшірмей, ыстық қоламананы келер ұрпаққа жылуын үзбей жалғастырған жастар буыны өсіп шықты. Алаш азаматтарының

фольклортанудағы өнегелі істері мен озық ойлары ұлт мақтанышы болып саналатын тұлғаларды насихаттаудың алғаш түренін салған үлгілі істерінің жалғасы шәкірт Мұхтар Әуезовтің қазақ фольклорын зерттеу және Абайтану, Ә.Марғұланнның Шоқантану жолындағы, Қаныш Сәтпаевтің (тау-кен ғалымдарының атақты ғалымы Қ. Сәтпаевтің алғашқы зерттеушілік жұмысы халық ауыз әдебиеті үлгілерін жариялау болды. Ол 1927 жылы Мәскеуден «Едіге батыр» жырының бір нұсқасын жариялайды – А.Ә) ғылыми еңбегі мен шығармашылығынан кесек құбылыс ретінде жалғасын тапты.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ» – «Қазақ» газеті. А., 1995ж
2. Бөкейхан (1995) – Бөкейхан Таңдамалы (избранное). А., 1995
3. Бөкейханов (1994) – Бөкейханов Ә. Шығармалар. А., 1994
4. Жұмабаев Мағжан. Шығармалар. А., 1989
5. Досмұхамедов – Досмұхамедов Х. «Аламан» А., 1989ж
6. Қамзабекұлы – Қамзабекұлы Д. Руханият (Мақалалар мен зерттеулер) А., 1997

Темірхан Тебегенов,
Ф.ғ.д., профессор

Ж. АЙМАУЫТҰЛЫ ДРАМАТУРГИЯСЫ: КЛАССИКАЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ СУРЕТКЕРЛІК ДҮНИЕТАНЫМ

Әлем өркениетінің тарихында сөз өнеріндегі әдеби тек түрлерінің (эпос, лирика, драма) пайда болуының, қалыптасуының, дамуының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлі жолы бар.

Планетамыздағы бес құрлықты мекендейтін халықтардың бұған дейінгі мыңжылдықтар белестерінен өткен тарихын саралап қарастырғанда ежелгі дәуірлерде негізі қаланып, адамзат өркениеті дамуы кезеңдерінде классикалық дәстүр болған заңдылықтар, көрнекті үлгілер басты бағдарға алынады. Бұл орайда, әлемдік сөз өнері тарихындағы байырғы әдеби тек түрі драматургияның классикалық поэтикалық болмысын қазақ әдебиеттануы ғылымында тұңғыш байыптаған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» анықтамалық тұжырымын назарға аламыз:

«Айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, көңілінің күйінен ешнәрсе қатыстырмайды. Бұл жағынан айтыс-тартыс әуезеге (әңгімеге) жақын.

Әуезеде (әңгімеде) бір болған уақиғаны, уақиғада болған адамдардың не істеген әңгімесін естиміз, бірақ ол адамдарды, уақиғаларды көрмейміз. Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естімейміз, уақиғаның өзін, уақиғада

МАЗМҰНЫ

I. Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов.....	3
Әбділдин Ж. Алаш арыстары қалай ақталды?.....	40
Қасқабасов С. Жүсіпбек Аймауытов және руханият мәселесі.....	48
Есім Ғ. Қартқожа кім?.....	54
Жұртбай Т. «Жүрекке, идтихатқа, иманға қол салған...».....	56
Негимов С. Маңғыстаунама.....	70
Қамзабекұлы Д. Ж. Аймауытұлының 5 томдық шығармалар жинағы туралы	74
Әбдиманұлы Ө. Ж. Аймауытұлы романдарындағы тәуелсіздік идеясы	78
Әбсадықов А. Алаш һәм фольклор.....	91
Тебегенов Т. Ж. Аймауытұлы драматургиясы: классикалық дәстүр және суреткерлік дүниетаным.....	100
Тұрысбек Р. Алаш мұраты: мұрасы мен мирасы.....	116
Смағұлов Ж. Ж. Аймауытұлының сын-зерттеу еңбектері.....	138
Тапанова С. Әлеуметтік-психологиялық туындылардағы махаббат тақырыбы.....	146
Тахан С. Типология художественного образа в романе Ж.Аймауытова «Картқожа».....	152
Үсен А. Гендерлік аспектідегі поэтика.....	157
Әбдіқадырова Т. Ж. Аймауытұлының педагогикалық мұралары	164
Әбішева Ш. «Күнікейдің жазығы» повесіндегі көркемдік ізденістер.....	172
Абдуалиева Ж. Қазақ поэзиясындағы сезім иірімдері.....	178
Темірбеков О. Ж. Аймауытұлының «Жер үстіндегі Күнікей қызы»	183
Рахманова Н. «Күнікейдің жазығы» повесінің көркемдік- эстетикалық әлемі	187
Дүйсенғазы С. Ж. Аймауытұлының патриоттық өлеңдері хақында	194
Құлманов Қ. Телжан Шонанұлы – әдебиетші.....	198

II. Ж. АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ҮДЕРІС

Артықбаев Ж. Жүсіпбек жұмбағы	204
Ахмет К. Сәбит Мұқанов – Жүсіпбектанушы.....	208
Жақыпов Ж. Ж. Аймауытұлы прозасындағы батыс еуропалық үндестік.....	212
Махат Д. Ж. Аймауытұлы және «Абай» журналы.....	216